

Д. Қонаев атындағы ЖББОМГ  
Қамқоршылық кеңес отырысының  
№ 6 Хаттамасы

Қатысуға тиісті: қамқоршылық кеңес мүшелері  
Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері  
Қосымша қатысқандар: мектеп әкімшілігі

**Күн тәртібінде**

| № | Тақырыбы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Жауапты                                                                                                                              |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Д. Қонаев атындағы ЖББОМГ 10 жылдығына арналған іс – шараларды ұйымдастыру туралы                                                                                                                                                                                                                                                                     | Д. Қонаев атындағы ЖББОМГ директоры М. Н. Ербозымова                                                                                 |
| 2 | Мектеп – гимназиясының өзін – өзі бағалауының қорытындысы туралы<br><br>1) Педагог кадрлармен қамтамасыз етілуі<br><br>2) Білім алушылар контингенті<br><br>3) Материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілуі<br><br>4) Медициналық қызмет көрсетудің болуы<br><br>5) Тамақтандыру объектісінің болуы<br><br>6) Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысы | <br><br>Ш. Е. Ержанов<br><br>Б. С. Шамгунова<br><br>С. Қ. Киынбаев<br><br>Н. К. Давлетова<br><br>Н. К. Давлетова<br><br>С. Р. Сарина |
| 3 | Әртүрлі сұрақтар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                      |

Күн тәртібіндегі 1 сұрақ бойынша Д. Қонаев атындағы ЖББОМГ директоры Ербозымова Мирамгул Нурлановна сөйледі.

Мектептің 10 жылдық мерейтойын тойлау мақсатында ұйымдастырылатын шаралар жоспары мектептің тарихын, жетістіктерін және қоғамдастығын біріктіруді ескере отырып құрылды. Шаралар оқушыларды, мұғалімдерді, ата-аналарды және түлектерді тартуға бағытталған.

**Мектептің 10 жылдығына арналған шаралар жоспары**

**1. Дайындық кезеңі (мерейтойға 7-8 ай қалғанда)**

Мақсат: Мерейтойдың маңыздылығын насихаттау, қатысушыларды тарту, ұйымдастыру жұмыстарын бастау.

Шаралар:

1. Ұйымдастыру комитетін құру: Мұғалімдер, оқушылар өкілдері, ата-аналар және түлектерден тұратын ұйымдастыру комитетін құру.
2. Тақырып пен ұран тандау: Мысалы, «10 жыл бірге: білім, болашақ, бірлік» сияқты ұран.
3. Бюджетті бекіту: Шараларға қажетті қаражатты анықтау (демеушілер, мектеп қоры, ата-аналар қауымдастығы).

4. Медиа жоспар: Мерейтойды әлеуметтік желілерде, жергілікті БАҚ-та насихаттау үшін логотип, хэштег (#Мектеп-гимназияға10жыл) және арнайы дизайн дайындау.

5. Шақырулар: Түлектерге, мектептің негізін қалаушы тұлғаларға, демеушілерге және жергілікті билік өкілдеріне шақыру хаттарын жіберу.

## **2. Мерейтой апталығы (негізгі мерекелік кезең)**

- Мақсат: Мектептің жетістіктерін паш ету, қоғамдастықты біріктіру, мерекелік көңіл-күй қалыптастыру.

- Күндер бойынша жоспар:

### **1-күн: Ашылу салтанаты**

- Өтетін орны: Мектептің мәжіліс залы

- Шаралар: Мектептің 10 жылдық тарихы туралы бейнеролик көрсету (оқушылар мен мұғалімдердің қатысуымен дайындалған). Құрметті қонақтардың (түлектер, негізін қалаушылар, әкімдік өкілдері) сөздері. Оқушылардың мерейтойға арналған өнер көрсетуі (ән, би, театрлық қойылым).

### **2-күн: Білім және шығармашылық күні**

- Өтетін орны: Мектептің мәжіліс залы және кабинеттер

- Шаралар: «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – ғасыр саңлағы» ІІ Республикалық ғылыми-практикалық конференциясы.

Көрме: Оқушылар мен мұғалімдердің 10 жылдықтағы жетістіктерін (медалдар, кубоктар, шығармашылық жұмыстар) көрсететін көрме ұйымдастыру.

### **3-күн: Спорт және денсаулық күні**

- Өтетін орны: Мектептің спорт алаңы

- Шаралар:

- Спорттық жарыстар: Футбол, волейбол, эстафета (оқушылар, мұғалімдер және түлектер арасында).

- Флешмоб: Барлық қатысушылардың қатысуымен «10 жылдық» фигурасын құру.

### **4-күн: Түлектер кездесуі**

- Өтетін орны: Мектептің акт залы немесе банкет залы

- Шаралар:

- Түлектердің мектептегі естеліктерімен бөлісуі.

- «Түлектер форумы»: Түлектердің мансабынан шабыттандыратын әңгімелер.

### **5-күн: Жабылу салтанаты және гала-концерт**

- Өтетін орны: Мектептің мәжіліс залы

- Шаралар: Мектептің үздік мұғалімдері мен оқушыларын марапаттау.

- Оқушылар мен мұғалімдер дайындаған гала-концерт (театрлық қойылым, хор, би).

## **3. Мерейтойдан кейінгі кезең**

- Мақсат: Мерейтойдың нәтижелерін бекіту, алғыс білдіру, естеліктерді сақтау.

- Шаралар:

1. Естелік кітап немесе альбом шығару: Мектептің тарихы, мерейтойдағы фотосуреттер мен оқиғалар жинағы.

2. Алғысхаттар: Демеушілерге, қатысушыларға және ұйымдастырушыларға алғыс білдіру.

3. Әлеуметтік желілерде есеп беру: Мерейтойдың қорытынды бейнеролигін және фотосуреттерді жариялау.

4. Мектеп мұражайын жаңарту: Мерейтойға арналған экспонаттарды қосу.

Қосымша:

- Естелік сыйлықтар: Мектеп логотипі бар күнтізбелер, кружкалар, футболкалар дайындау.

- Қайырымдылық бастамасы: Мерейтой аясында мұқтаж жандарға көмек көрсету (мысалы, кітап жинау, ағаш отырғызу).

- Онлайн-трансляция: Шараларды мектептің YouTube немесе Instagram парақшасында тікелей эфирде көрсету, шалғайда тұратын түлектер үшін.

## **Қорытынды мен ұсыныстар:**

1. «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – ғасыр саңлағы» ІІ Республикалық ғылыми-практикалық конференциясын өткізу үшін қаржы бөледі;

- Мектеп-гимназияның 10 жылдық мерейтойына арналған арнайы медаль дайындау үшін қаржы бөлуді;
- Мектеп-гимназияның 10 жылдық мерейтойына арналған естелік кітап жазу үшін қаржы бөлуді қамқоршылық кеңес құрамына ұсынамын.

Күн тәртібіндегі 2 сұрақ бойынша мектеп – гимназиясы директорының орынбасарлары есеп берді.

**1.ДОІЖ орынбасары Ержанов Шынтас Ержанұлы**

Барлық пәндер бойынша сабақтар мамандыққа сәйкес жүргізіледі. Жас мамандарға тәлімгерлер бекітіліп, әдістемелік көмек көрсетіледі. Педагогтардың біліктілігін арттыру және цифрлық құзыреттілігін дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

**«Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» КММ-нің  
2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары бойынша педагогтердің  
білімі туралы мәлімет**

| Оқу жылы           | Сынып          | Педагог саны | Білімі     |              |
|--------------------|----------------|--------------|------------|--------------|
|                    |                |              | Жоғары     | Арнаулы орта |
| 2023-2024 оқу жылы | бастауыш       | 58           | 51         | 7            |
|                    | жоғары         | 187          | 176        | 11           |
|                    | <b>Барлығы</b> | <b>245</b>   | <b>227</b> | <b>18</b>    |
| 2024-2025 оқу жылы | бастауыш       | 61           | 54         | 7            |
|                    | жоғары         | 186          | 178        | 8            |
|                    | <b>Барлығы</b> | <b>247</b>   | <b>232</b> | <b>15</b>    |
| 2025-2026 оқу жылы | бастауыш       | 55           | 51         | 4            |
|                    | жоғары         | 178          | 171        | 7            |
|                    | <b>Барлығы</b> | <b>233</b>   | <b>222</b> | <b>11</b>    |

**Ғылыми дәрежесі бар педагогтер туралы**

| Оқу жылы           | Сынып          | Педагог саны |
|--------------------|----------------|--------------|
| 2023-2024 оқу жылы | бастауыш       | 6            |
|                    | жоғары         | 17           |
|                    | <b>Барлығы</b> | <b>23</b>    |
| 2024-2025 оқу жылы | бастауыш       | 6            |
|                    | жоғары         | 20           |
|                    | <b>Барлығы</b> | <b>26</b>    |
| 2025-2026 оқу жылы | бастауыш       | 7            |
|                    | жоғары         | 21           |

|  |         |    |
|--|---------|----|
|  | Барлығы | 28 |
|--|---------|----|

«Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» КММ-нің 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары бойынша педагогтердің санаттары туралы мәлімет

2023-2024 оқу жылы

| ӘК                      | педагог-шебер | педагог-зерттеуші | педагог-сарапшы | педагог-модератор | санаты жоқ | I, II санат | Жалпы саны |
|-------------------------|---------------|-------------------|-----------------|-------------------|------------|-------------|------------|
| Бастауыш 1-2 класс      | 0             | 16                | 3               | 4                 | 5          | 0           | 28         |
| Бастауыш 3-4 класс      | 1             | 6                 | 12              | 7                 | 4          | 0           | 30         |
| Қазақ тілі мен әдебиеті | 2             | 10                | 2               | 7                 | 7          | 0           | 28         |
| Орыс тілі мен әдебиеті  | 0             | 7                 | 0               | 3                 | 4          | 0           | 14         |
| Ағылшын тілі            | 1             | 7                 | 5               | 6                 | 9          | 0           | 28         |
| Жаратылыстану           | 0             | 5                 | 4               | 2                 | 6          | 0           | 17         |
| ИФМ                     | 0             | 4                 | 7               | 11                | 11         | 0           | 33         |
| Тарих                   | 0             | 4                 | 3               | 2                 | 4          | 0           | 13         |
| Эстетика                | 0             | 2                 | 3               | 5                 | 6          | 1           | 17         |
| Мамандар                | 0             | 0                 | 2               | 2                 | 9          | 0           | 13         |
| Дене шынықтыру          | 0             | 4                 | 2               | 8                 | 10         | 0           | 24         |
| Барлығы                 | 4             | 65                | 43              | 57                | 75         | 1           | 245        |
| Сапалық құрам           | 46%           |                   |                 |                   |            |             |            |

2024-2025 оқу жылы

| ӘК                      | педагог-шебер | педагог-зерттеуші | педагог-сарапшы | педагог-модератор | санаты жоқ | I, II санат | Жалпы саны |
|-------------------------|---------------|-------------------|-----------------|-------------------|------------|-------------|------------|
| Бастауыш                | 1             | 22                | 18              | 10                | 10         | 0           | 61         |
| Қазақ тілі мен әдебиеті | 2             | 11                | 4               | 8                 | 2          | 0           | 27         |
| Орыс тілі мен әдебиеті  | 0             | 5                 | 1               | 3                 | 5          | 0           | 14         |
| Ағылшын тілі            | 1             | 7                 | 5               | 7                 | 9          | 0           | 29         |
| Жаратылыстану           | 0             | 6                 | 4               | 7                 | 4          | 0           | 21         |
| ИФМ                     | 0             | 3                 | 9               | 14                | 11         | 0           | 37         |
| Тарих                   | 0             | 3                 | 3               | 3                 | 3          | 0           | 12         |
| Эстетика                | 0             | 3                 | 3               | 5                 | 4          | 0           | 15         |
| Мамандар                | 0             | 0                 | 4               | 2                 | 3          | 0           | 9          |
| Дене шынықтыру          | 0             | 3                 | 5               | 9                 | 5          | 0           | 22         |
| Барлығы                 | 4             | 63                | 56              | 68                | 56         | 0           | 247        |
| Сапалық құрам           | 50%           |                   |                 |                   |            |             |            |

2025-2026 оқу жылы

| ӘК                      | педагог-шебер | педагог-зерттеуші | педагог-сарапшы | педагог-модератор | санаты жоқ | I, II санат | Жалпы саны |
|-------------------------|---------------|-------------------|-----------------|-------------------|------------|-------------|------------|
| Бастауыш 1-2 класс      | 1             | 8                 | 9               | 6                 | 6          | 0           | 30         |
| Бастауыш 3-4 класс      | 0             | 13                | 2               | 4                 | 6          | 0           | 25         |
| Қазақ тілі мен әдебиеті | 2             | 10                | 3               | 6                 | 4          | 0           | 25         |
| Орыс тілі мен әдебиеті  | 0             | 4                 | 2               | 4                 | 4          | 0           | 14         |
| Ағылшын тілі            | 1             | 5                 | 4               | 10                | 9          | 0           | 29         |
| Жаратылыстану           | 0             | 6                 | 3               | 9                 | 3          | 0           | 21         |
| ИФМ                     | 0             | 5                 | 5               | 16                | 7          | 0           | 33         |
| Тарих                   | 0             | 3                 | 3               | 4                 | 5          | 0           | 15         |
| Эстетика                | 0             | 3                 | 3               | 1                 | 2          | 1           | 14         |
| Мамандар                | 0             | 0                 | 3               | 1                 | 5          | 0           | 9          |
| Дене шынықтыру          | 0             | 2                 | 4               | 6                 | 6          | 0           | 18         |
| <b>Барлығы</b>          | <b>4</b>      | <b>59</b>         | <b>41</b>       | <b>71</b>         | <b>57</b>  | <b>1</b>    | <b>233</b> |
| <b>Сапалық құрам</b>    | <b>44%</b>    |                   |                 |                   |            |             |            |

| ӘК                      | МАГИСТР   |           |           |
|-------------------------|-----------|-----------|-----------|
|                         | 2023-2024 | 2024-2025 | 2025-2026 |
| Бастауыш                | 6         | 6         | 7         |
| Қазақ тілі мен әдебиеті | 2         | 2         | 2         |
| Орыс тілі мен әдебиеті  | 0         | 0         | 0         |
| Ағылшын тілі            | 3         | 3         | 3         |
| Жаратылыстану           | 4         | 4         | 4         |
| ИФМ                     | 7         | 7         | 7         |
| Тарих                   | 1         | 1         | 1         |
| Эстетика                | 0         | 0         | 1         |
| Мамандар                | 0         | 2         | 1         |
| Дене шынықтыру          | 0         | 0         | 0         |
| <b>Барлығы</b>          | <b>23</b> | <b>26</b> | <b>26</b> |

2.ДОІЖ орынбасары Шамгунова Ботагөз Сайлаубековна

Мектеп-гимназиясының үш жылдық контингент талдауы

1. Жалпы оқушы саны

Оқу жылы    Бастауыш сынып (1–4)    Негізгі орта (5–9)    Жоғары сынып (10–11)    Жалпы оқушы саны

2023-2024    1728    1796    235    3759

2024-2025    1697    1833    305    3835

2025-2026    1542    1749    315    3606

2. Контингенттің өзгерісі

- 2024–2025 оқу жылында: +76 оқушы (0,9 % өсу)

2025–2026 оқу жылында: - 229 оқушы (0,9 % азайды) бұған себеп жаңа бескүндік мектептердің бой көтеруі

- Бастауыш кластардың оқушылар санында азайуы байқалады.
- 31 оқушыға 2024-2025 оқу жылында болса (10% азайу)
- 155 оқушыға 2025-2026 оқу жылында (11% азайу)
- Жоғары буында керісінше оқушылар саны көбеюде

### 3. Жалпы класс-комплект саны

| Оқу жылы  | Бастауыш сынып (1–4) |    |    | Негізгі орта (5–9) | Жоғары сынып (10–11) | Жалпы оқушы саны |
|-----------|----------------------|----|----|--------------------|----------------------|------------------|
| 2023-2024 | 65                   | 66 | 9  |                    |                      | 140              |
| 2024-2025 | 64                   | 69 | 11 |                    |                      | 144              |
| 2025-2026 | 63                   | 72 | 11 |                    |                      | 146              |

- Бастауыш буында класс-комплектілер азайып, өсу орта буында және жоғары кластарда анықталады

### 4. Ерекше білім алатын оқушылар саны

| Оқу жылы  | Бастауыш сынып (1–4) |    |   | Негізгі орта (5–9) | Жоғары сынып (10–11) | Жалпы оқушы саны |
|-----------|----------------------|----|---|--------------------|----------------------|------------------|
| 2023-2024 | 36                   | 19 | 0 |                    |                      | 55               |
| 2024-2025 | 50                   | 24 | 1 |                    |                      | 75               |
| 2025-2026 | 51                   | 25 | 0 |                    |                      | 76               |

- 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда биылғы оқу жылының басында 21 оқушыға артқан 0,7 % көбейді
- Оқушы саны азайып класс-комплект санының өсуінің себебі де осы.

### 5. Талдау нәтижесі

- Жоғары буындағы өсім, бұл ата-аналардың мектепке деген сенімі мен сапалы білім беру нәтижесі, мектептегі ішкі тәртібі.
- Бастауыш, орта буындарда ерекше білім қажететін балалар саны көбейуіне байланысты класс-комплектілерді кабинеттер тапшылығына байланысты көбейте алмаймыз, бірақ ереже бойынша ерекше оқушы оқытын класта 22 бала болу қажет.

### 6. Қорытынды

- Мектеп-гимназияда үш жыл ішінде оқушылар саны жыл сайын өзгеруде, оған себеп жаңа мектептердің бой көтеруі.
- Ең үлкен өсім 3835 (2024-2025 о.ж.) байқалады
- Жоғары сынып оқушыларының саны да жыл сайын артып отыр, бұл мектепті аяқтайтын оқушылар санының өсуін білдіреді.

### 7. Ұсыныстар

- Ерекше балалар көбеюіне байланысты мұғалімдер құрамын қайта даярлау қажет болуы мүмкін.
  - Сынып орындарының жетіспеушілігінің алдын алу үшін жаңа кабинеттерді жоспарлау. ол үшін жапсырма мектеп қолданысқа берілсе .
  - Сыныптардағы орташа оқушы санын бақылау (оптималдысы – 20–25 оқушы) болса.
- Мектеп-гимназияның оқушы контингенті үш жыл ішінде жоғары кластарда тұрақты өсім көрсеткені - бұл мектептің беделі мен білім беру сапасының жоғары екенін дәлелдейді.

### 3. ӘШЖ орынбасары Қиынбаев Серік Қуанышұлы

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің сапасы тек мұғалімнің кәсіби шеберлігімен ғана емес, сонымен қатар оқу ордасының материалдық-техникалық базасымен де тығыз байланысты. Білім беру мекемесінің инфрақұрылымы мен жабдықталуы неғұрлым заманауи болса, оқушылардың сапалы білім алу мүмкіндігі де соғұрлым жоғары болады деген ойдамын. Осы тұрғыда біздің мектебімізді материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету – басты басымдықтардың бірі болып табылады. Қазіргі таңда білім беру сапасын арттырудың маңызды шарттарының бірі – оқу ордаларының материалдық-техникалық базасының жеткілікті және заманауи деңгейде қамтамасыз етілуі. Мектептің дамуы мен оқушылардың сапалы білім алуына ең алдымен қолайлы оқу ортасы мен заманауи құрал-жабдықтардың болуы үлкен әсер етеді.

Мектептің материалдық-техникалық базасы – бұл оқу процесін тиімді ұйымдастыруға арналған ағарат, сынып бөлмелері, зертханалар, шеберханалар, спорт және акт залдары, сондай-ақ заманауи ақпараттық технологиялар мен оқу құралдарының жиынтығы.

Мектебімізде оқу кабинеттері пәндердің ерекшелігіне сай жабдықталған. Әр кабинетте интерактивті такталар, компьютерлер, және интернет желісі орнатылған. Бұл құралдар мұғалімдерге жаңа әдіс-тәсілдерді пайдаланып, сабақты қызықты және тиімді өткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мектеп кітапханасында оқу және көркем әдебиеттер қоры жыл сайын толықтырылып отырады. Қазіргі таңда 86 000 мың ға жуық кітап қоры бар. Спорт зал, ойын алаңдары мен медициналық пункттің және стоматологияның болуы оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасайды.

Мектептің материалдық-техникалық базасы келесі элемент бағыттарын қамтиды:

1. Оқу кабинеттері мен зертханалары;
2. Компьютерлер мен ақпараттық жүйелер;
3. Кітапхана қоры;
4. Спорт және өнер құрылымы;
5. Асхана және медициналық пункт;
6. Қауіпсіздік және санитарлық талаптар;

Материалдық-техникалық базаны жақсартудың маңызы

- Білім сапасын арттыру: заманауи техника және кабинеттердегі оқу процесі интерактивті жан-жақты етеді, оқушылардың ІТ дағдыларын дамытады
- Жұмыс жағдайын жақсарту: мұғалімдерге арналған жабдықтар сабақтарды тиімді өткізуге, әдістемелік тәжірибені жаңартуға мүмкіндік береді
- Қауіпсіз білім беру ортасы: техника қауіпсіздігі, санитарлық нормалар және қауіп-қатер сигнализациясы оқушылар мен педагогтердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді
- Мектепті толықтай қамтамасыз ету – тек құрал-жабдық сатып алу ғана емес, сонымен қатар кәсіби кадрлар дайындау, заманауи білім беру әдістемелерін енгізу, және оқулықтар мен оқу материалдарының сапасын бақылау сияқты кешенді шараларды қажет етеді

Қорытындылай келе, білім ордамыздың материалдық-техникалық базасы жылдан жылға жаңарып, нығайып келеді. Бұл – ұжымның, ата-аналардың бірлескен еңбегінің нәтижесі. Заманауи жабдықталған мектеп – сапалы білімнің кепілі. Сондықтан материалдық-техникалық базаны үнемі жетілдіру және оны тиімді пайдалану – біздің басты міндетіміз болып қала береді.

#### 4.ДОІЖ орынбасары Давлетова Нурсулу Курмановна

Медициналық ақпараттар құпиялығын сақтау және олармен алмасу кезінде заңнамалық талаптарды орындау маңызды. Қазақстан Республикасының «Денсаулық сақтау туралы» Кодексі, «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңы сәйкес жүзеге асырылады. Медициналық деректер жеке ақпарат болып табылады және үшінші тұлғаларға тек заңнамамен рұқсат етілген жағдайларда ғана беріледі. Оқушылар туралы ақпарат ДАМУМЕД сайтында сақталады, ол сайтқа тек медқызметкерлер өздерінің логин мен құпия сөздерді арқылы ғана кіре алады. Медициналық жазбалар құлыпталатын арнайы шкафтарда немесе электрондық түрде қорғалған серверлерде сақталады. Оқушылардың немесе қызметкерлердің медициналық ақпараттарын үшінші тарапқа беру ата-аналардың немесе қызметкерлердің жазбаша келісімімен ғана жүзеге асырылады. Медициналық ақпараттардың құпиялығын сақтау мектеп әкімшілігі мен медициналық қызметкерлердің жауапкершілігіне жатады. Бұл талаптарды орындау оқушылар мен қызметкерлердің жеке деректерін қорғауға, қауіпсіз орта қалыптастыруға және заңнамалық талаптарға сәйкес әрекет етуге мүмкіндік береді. Мектепте кварц журналы, Тоңазытқыштың температуралық режимін есебін тіркеу журналы, АДСМ 16 жасқа толған балаларды сгілу журналы, 15 жасқа толған балалардың флюорография тізім журналы, инфекциялық ауруларды есепке алу журналы, паразиттік аурулардың қоздырғыштарына тексерілгендерді тіркеу журналы, флюорографиялық тексеру нәтижесі оң болған адамдарды тіркеу журналы, вакцинадан кейінгі асқыну журналы, вакциналар қалдықтарын жоюға және ашылған құтыларға арналған журналы, Фтизиатр журналы, Гельминттерге тексерілген адамдарды тіркеу журналы, Диспансерлік науқастарды есепке алу журналы, Дерматомикоз, қышыма, педикулезге тексеріп қараулар журналы, жалпы жинау журналы, 1- класс оқушыларының бірінші рет оң нәтиже берген тізім журналы, медицина ұжымының ақпараттық оқыту жұмысын тіркеу журналы, химиофилактика журналы, бөлменің ауа температурасын өлшеу журналы, мектепке келген оқушыларды қабылдау журналы, дене тәрбиесінен босатылған оқушылар тізімі, тұрақты немесе ұзақ

зімге медициналық қарсы көрсетілім журналы, инфекциялық аурулауды есепке алу журналы, дерматолог пен педиатр, ауру балалармен қатынаста болған балаларды қадағалау журналы, вакцинадан кейінгі асқынулар және вакцинадан кейінгі реакциялар туралы есеп журналы, тұмауға қарсы екпе алған балалар тізімі, АПВ-Адам папилломасы вирусна қарсывакцина алатын 11,12,13 жас қыз балалар тізімі, Контактты журналы, қауіпті-сыни шамаларды анықтау және беру журналы, Фтизирпедиатрда тексеруге жататын туберкулинді «+» мәнді адамдарды тіркеу журналы, Химиопрофилактика журналдары арналған. Сонымен қатар барлық құжаттар кілттенетін шкафтарда сақталады. Оған жауапты бас дәрігер Рамазанова Ә.Б

**Медициналық пункттің қызметі:**

Медициналық пунктін 62,2м көлемі, үш бөлмеден тұрады: күту бөлмесі, екпе бөлмесі және қабылдау бөлмесі. Барлық оқушы 3613, күніне шамамен неше оқушыға қызмет көрсетіледі 15-20 оқушы келеді.

**1 дәрігер, 3 медбике жұмыс жасайды.**

**Рамазанова Ә.Б –мектеп дәрігері,** М. Оспанов атындағы БҚММУ «жалпы медицина» мамандығы 2018ж бітірген. «Ауруларды басқару бағдарламасы» бойынша 2021 жылы біліктілік арттыру туралы курсынан өткен. "ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі, 11.08.2026 ж дейін жарамды, №KZ86VBM01526919, 12.08.2021ж «Жалпы медицина» бойынша сертификат берілді.

**Кожажелдина С.Б-мектеп медбикесі.** ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры М.Мәметова ат Ақтөбе Жоғарғы медициналық колледжі» «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша 2025 жылы бітірген. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі, 20.03.2030 ж дейін жарамды, №KZ95VBM012723252, 20.03.2025ж «Мейіргер ісі» бойынша сертификат берілді.

**Иманғалиева М.А-мектеп медбикесі.** «Ақтөбе медициналық колледжі» «жалпы тәжірибелі фельдшер» мамандығы бойынша 2010 жылы бітірген. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі, 13.06.2027 ж дейін жарамды, №KZ22VBM01766303, 14.06.2022ж «Мейіргер ісі» бойынша сертификат берілді.

**Ілиясова М.-мектеп медбикесі.** ШЖҚ «Бопай ханым Ақтөбе Жоғарғы медициналық колледжі» «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша 2025 жылы бітірген. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі, 28.07.2030 ж дейін жарамды, №KZ60VBM03019926, 28.07.2025ж «Мейіргер ісі» бойынша сертификат берілді.

Білім беру мекемелеріндегі денсаулық пен салауатты өмір салтына қатысты негізгі талаптар мен нормативтік құжаттар төмендегі заңнамаларға сәйкес жүргізіледі.

**"Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы.** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ -96/2020 бұйрығы.

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ -96/2020 бұйрығымен бекітілген "Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары;

**"Паразиттік аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы.** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 мамырдағы № ҚР ДСМ-44 бұйрығы.

**-Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 14 наурыздағы № 37 бұйрығы.

**Туберкулез профилактикасы жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидаларын бекіту туралы** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-214/2020 бұйрығы.

**"Жіті респираторлық вирустық инфекциялар, тұмау және олардың асқынулары (пневмония), менингококк инфекциясы, COVID-19 коронавирустық инфекциясы, желшешек, скарлатина**

інде санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2021 жылғы 27 мамырдағы № ҚР ДСМ-47 бұйрығы. Профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды сақтау, тасымалдау және пайдалану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 4 ақпандағы № 76 бұйрығымен бекітілген "Скринингтік зерттеулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ осы қарап-тексерулерді өткізудің қағидаларын, көлемі мен кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-174/2020 және "Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының оқушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулер жүргізу қағидаларын, көлемі мен кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 5 шілдедегі № ҚР ДСМ-65 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 шілдеде № 28747 болып тіркелді "Халыққа профилактикалық екпелерді ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 21 қыркүйектегі № 150 бұйрығы.

"Иммунологиялық дәрілік препараттарды (иммундық-биологиялық дәрілік препараттарды) сақтауға, тасымалдауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 шілдедегі № ҚР ДСМ-62 бұйрығы.

Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесін, екпелерді жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және халықтың профилактикалық екпелерге жататын топтарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысы.

«Халыққа профилактикалық екпелерді ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 маусымдағы № 361 бұйрығы

Қазақстан Республикасында халықты короновирустық инфекцияға қарсы вакцинациялауды «Комирнати» (Пфайзер, АҚШ) мРНҚ –вакцинасымен жүргізу туралы әдістемелік ұстанымдар ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 20 қазандағы №46 қаулысымен бекітілген Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 141 бұйрығы.

Оқушылар мен қызметкерлердің денсаулығын бақылау білім беру мекемелерінде маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Негізгі механизмдер:

**Медициналық** **тексерулер:**

Мектеп оқушылары мен қызметкерлері жылына бір немесе бірнеше рет жоспарлы медициналық тексеруден өтеді. Бұл тексеру жалпы денсаулық жағдайын бағалап, ауруларды ерте анықтауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың тереңдетілген медициналық қараудан өту ҚР «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қарғалы қалалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының 2025 жылғы 22 қыркүйектегі -4/678 хаты негізінде 10 қазанда 2008, 2009, 2010 жылғы оқушылар офтальмолог, хирург, невропатолог, эндокринолог, оториноларинголог, стоматолог, уролог, педиатр, 2009 жылғы оқушылар ОАМ мен ОАК-дан өтті, жалпы 350 оқушы өтті.

**Екпелер мен алдын алу шаралары:**

Міндетті вакцинация күнтізбесі бойынша оқушылардың қажетті екпелерді алуын бақылайды..

Эпидемия кезінде арнайы вакциналау немесе профилактикалық шараларды енгізеді.

булардың алдын алуға және денсаулықты қорғауға ШЖҚ МҚК ҚҚА бас дәрігері Иманбаев К.С 25 жылға АДСМ 16 жас екпесі бойынша жоспар бекілді

#### **Антропометриялық өлшемдер:**

Оқу жылының басында оқушылардың бойы, салмағы, көз көруі және басқа физиологиялық көрсеткіштерін тұрақты түрде өлшеп отырады.

#### **Алғашқы көмек көрсету:**

Мектепте медициналық пункт болуы тиіс. Онда жарақаттанған немесе ауырып қалған балаларға алғашқы көмек көрсетіледі.

#### **Аурудың таралуын болдырмау:**

Аурудың таралу қаупі бар жағдайда, мысалы, маусымдық тұмау кезінде, балалар мен қызметкерлер арасында дене температурасын күнделікті өлшеу, маска режимін енгізу сияқты шаралар қолданылады.

### **5.ДОІЖ орынбасары Давлетова Нурсулу Курмановна**

Мектеп оқушыларды санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып, дұрыс, теңдестірілген тамақтанумен қамтамасыз етеді

Ақтөбе облысы білім басқармасы басшымен бекіткен екі апталық перспективалық мәзірге сәйкес дұрыс және теңгерімді тамақтанумен қамтамасыз етеді. Асхана мектеп ғимаратының А блогында 1- қабатта оқушылар үшін ыңғайлы орында орналасқан. Үй-жайда тамақ ішуге, тамақ таратуға және ыдыс-аяқ жинауға арналған аймақтар қарастырылған. Интерьер жайлы атмосфера жасайтын жағымды түстермен безендірілген. Асхана әртүрлі жастағы балаларға арналған үстелдер мен орындықтар, еденде орнатылған кондиционерлерімен, бактерицидтік ауа рециркуляторларымен жабдықталған. Тарату аймағында ыстық тағамдардың температурасын ұстап тұруға арналған желі, сондай-ақ "Alagan"экожүйесінің кассалық аппараты орналасқан. Азық-түлік блогында плиталар, электр табалары, конвекциялық пештер, шағын қамыр илеу машиналары, ас қазандықтары, тоназытқыш қондырғылары қолданылады. Жабдықты үнемі тазалау, залалсыздандыру жүргізіледі. Асханада қол жуатын бөлеме бар.

2025 – 2026 оқу жылында 2078 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Тегін ыстық тамақпен қамту динамикасын оқу жылдары бойынша көруге болады:

2024 – 2025 оқу жылы – 2212 оқушы

2023-2024 оқу жылы – 2175 оқушы

Мектеп асханасының қызметі оқушылардың тамақтану сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар нормативтік құжаттармен реттеледі. Олардың негізгілері

- ✓ **ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ** Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі.
- ✓ "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы.
- ✓ Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы.

Бұл құжаттар сапа мен қауіпсіздік стандарттарын қамтамасыз етеді, мектеп оқушыларының тамақтануы олардың ерекшеліктеріне сәйкес келуін және денсаулықты нығайтуды қамтамасыз етеді. Мектеп мәзірі оқушылардың қалалық білім бөлімінің бекітілген ас мәзіріне сәйкес келеді, қажетті мөлшерде калория, ақуыз, май, көмірсулар, дәрумендер мен минералдармен қамтамасыз етілген. Ас мәзірі санитарлық нормалар мен ұсыныстарды ескеруі керек. . Бұған мыналар кіреді:

- ✓ **Қоректік заттардың тепе-теңдігін сақтау:** тамақтану әр түрлі, құрамында ақуыздар, майлар, көмірсулар, дәрумендер мен минералдар жеткілікті.
- ✓ **Жас қажеттіліктерін есепке алу:** диета оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалады.

✓ **Санитарлық-гигиеналық нормалар:** өнімдер жаңа, сапалы және тұтынуға қауіпсіз, ал тамақ дайындау барлық санитарлық талаптарға сәйкес келеді.

✓ **Бақылау және тексеру:** тамақтану сапасына үнемі мониторинг, азық-түлік сапасын бақылау, тамақ дайындау технологиялары мен санитарлық нормалардың сақталуы.

Бұл тәсіл оқушылардың денсаулығын сақтауға, олардың өнімділігін арттыруға және иммунитетті нығайтуға ықпал етеді.

Мектеп асханасына азық-түлік жеткізушілерін таңдау қатаң талаптар мен процедуралар негізінде жүзеге асырылады.

Іріктеу критерийлері:

✓ **Өнім сапасы:** жеткізушілер өнімнің балғындығына, қауіпсіздігіне және санитарлық нормаларға сәйкестігіне кепілдік беруі керек.

✓ **Сертификаттау:** сәйкестік және өнім сапасы сертификаттарының міндетті болуы. Баға: сапаның жоғары деңгейін сақтай отырып, ең тиімді ұсынысты таңдау.

✓ **Провайдердің беделі:** білім беру мекемелеріне жеткізілім саласында оң тәжірибесі бар компанияларға артықшылық беріледі.

✓ **Құжаттаманы тексеру:** Азық-түлік өндіруге немесе сатуға лицензиялар мен рұқсаттар. Ветеринариялық куәліктер (жануарлардан алынатын өнімдер үшін). Санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкестігі туралы актілер.

✓ **Келісімдердің орындалуын бақылау:** Жеткізу белгіленген мерзімде жүзеге асырылады. Жеткізілетін өнімнің сапасына тұрақты тексеру жүргізіледі.

Мектеп асханасында тағамды сақтау және дайындау шарттарын ұйымдастыру санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылады.

Негізгі аспектілерге мыналар жатады:

#### 1. Азық-түлікті сақтау шарттары

✓ **Сақтау аймақтары:** Құрғақ өнімдер (жарма, ұн) құрғақ, желдетілетін бөлмелерде сақталады. Тоңазытылған өнімдер (сүт өнімдері, ет, балық) – тоңазытқыштарда қаптамада көрсетілген температурада. Мұздатылған өнімдер-тұрақты температуралық бақылауы бар мұздатқыштарда.

✓ **Өнімдерді таңбалау:** Өнімдердің әр партиясы жарамдылық мерзімі мен жеткізілім күнімен белгіленеді. Жарамдылық мерзімі өткен өнімдер дереу алынады.

✓ **Санитарлық бақылау:** Қоймалар мен жабдықтарды үнемі дезинфекциялау. Бұл кросс-ластануды болдырмау үшін шикі және дайын өнімдерді бөлек сақтау.

#### 2. Пісіру шарттары

✓ **Жабдық:** Ас үй барлық қажетті жабдықтармен және жабдықтармен жабдықталған және олар (пештер, пештер, бу конвектоматтары) жарамдылығына үнемі тексеріліп тұрады. Жеке кесу тақталары мен пышақтар әртүрлі тағам түрлеріне (ет, балық, көкөністер) қолданылады.

✓ **Температуралық режимді сақтау:** азық-түлік дайындау бактериялардың дамуын болдырмау үшін қатаң бақыланатын температурада жүзеге асырылады. Дайын тағамдар арнайы қыздырылған дисплейлерде сақталады.

✓ **Қызметкерлердің гигиенасы:** Аспаздар жеке гигиена ережелерін сақтайды (санитарлық киім киеді, қолдарын үнемі жуады). ЖТМ белгіленген мерзімде медициналық тексеруден өтеді.

#### 3. Бақылау және қауіпсіздік

✓ Ас үйдің, жабдықтар мен асханалардың санитарлық жағдайы күн сайын тексеріледі. Дайын тағамдардың сынамасы шағымдар болған жағдайда талдау үшін тоңазытқышта 48 сағат бойы сақталады. Бұл шаралар мектеп асханасының азық-түлік өнімдерінің барлық қажетті талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді, бұл қауіпсіздік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

## 2. ДОІЖ орынбасары Сарина Сауле Рзаевна

Д.Қонаев атындағы ЖББОМГ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №21 бұйрығына және «Өрлеу» орталығының хатына сәйкес «Қазақ, орыс, ағылшын және неміс тілдерін интеграциялап оқытуда заманауи технологияларды қолдану» тақырыбында тәжірибелік-эксперименттік алаң ашылды.

Мақсаты: Көптілділікті дамыту, пәндерді интеграциялау, білім сапасын арттыру. Былтырғы оқу жылында Soft Skills алаңы бойынша жұмысы аяқталды.

2023 жылдың 5 қаңтарында «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – ғасыр саңлағы» атты І республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

#### Жас мамандармен жұмыс

2023–2024 оқу жылында әр жұма — жас мамандарға арналған күн ретінде белгіленіп, тәжірибелі ұстаздар әдістемелік көмек көрсетті. Жоспар бекітіліп, тәлімгерлер мен тәлім алушылар анықталды.

- Instagram парақшасы ашылды
- Қалалық, облыстық байқауларға қатысу ұйымдастырылды
- «Ұстаз еңбегі – шығармашылық ізденісте» байқауы өтті

Жас мамандарға қолдау көрсету жұмыстары жүйелі түрде жалғасуда.

- «Жаңашыл Қазақстан – жаңашыл жастар» тақырыбында апталық өткізілді. (27.11–02.12.2023)
- «Жастық жігер жалында!» (11.03–16.03.2024)

Мақсаты – жас мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру, тәжірибе алмасу. Апталықтарда коучингтер, ашық сабақтар ұйымдастырылды.

Мектепте үлгерімі төмен оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізілуде. Жеке және топтық сабақтар, дифференциалды тапсырмалар, жеке оқу траекториялары мен даму карталары жасалып, оқушылардың білім деңгейі үнемі бақылауда. Жұмыс нәтижелері білім сапасын арттыруға оң әсерін тигізуде. Бұл бағыттағы шаралар алдағы уақытта жалғасады.

Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы педагогтер мен басшылардың кәсіби және жеке өзін-өзі жүзеге асыруы үшін қолайлы жағдай жасауға ерекше мән береді. Бұл оқу орны білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру, ұстаздардың шығармашылық әлеуетін дамыту және басқару мәдениетін жетілдіру бағытында кешенді іс-шаралар жүргізеді. 2024 жылдың 19 желтоқсан күні Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясында «Үздік жас маман-2024» конкурс-марафонының марапаттау рәсімі өтті. Байқау-марафонға педагогикалық еңбек өтілі 5 жылға дейінгі мектептің жас мамандары қатысты. 2023-2024 оқу жылындағы «Үздік жас маман» атты марафонына қатысқан «Жас мамандар мектебі» жас ұстаздарының аталмыш оқу жылының қаңтар-мамыр айлары аралығында 7 іс-шараға белсенді қатысымы жеке-дара бағаланып, қорытындыланды және әр кезең бойынша «үздік» деп танылғандар келесі кезеңге өткізіліп отырды. Әдістемелік бөлімнің ұйымдастыруымен кәсіподақ ұйымы, тәжірибелі ұстаздар, мектеп әкімшілігі мүшелерінен құралған ауыспалы комиссия жас мамандар жұмысын 5 балдық жүйемен бағалап, әрбір іс-шара үшін орташа балды шығарып, әр кезең сайын бағалап отырды.

2024-2025 оқу жылына арналған «Үздік мұғалім-2025» марафоны өтті. Марафон бірнеше кезеңнен тұрады және ол мұғалімдердің жан-жақты дамуына бағытталған. Ашық сабақтар барысында мұғалімдердің сабақ жүргізу стилі, шығармашылық әдіс-тәсілдері және оқушылармен өзара қарым-қатынасы бағаланады. Бұл ашық сабақтар жоспары мұғалімдерге өз кәсіби деңгейін арттыруға, өзара тәжірибе алмасуға және жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруге үлкен мүмкіндік беріп отыр. Осы марафон аясында қол жеткізілген жетістіктер мен анықталған кемшіліктерге тоқталатын болсам

#### Жетістіктер:

- ☐ Бейнебаян мазмұны тартымды әрі идеясы нақты жеткізілген.
- ☐ Қатысушылар әдеби шығарманың тақырыбы мен негізгі идеясын дәл анықтай алды, бұл олардың мәтінді терең ұғынғанын көрсетті.
- ☐ Мұғалімдер өз ойларын еркін жеткізе алды, тілдік қор мен стильдік ерекшеліктері арқылы дараланып тұрды.
- ☐ Сабақ жоспарлары №130 бұйрығына сәйкестендіріліп жасалған, сабақ құрылымы, мақсат қою мен бағалау өлшемшарттары нақты берілген.
- ☐ Көптеген сабақ жоспарлары барлық қажетті бөлімдерді толық қамтыған: сабақтың мақсаты, бағалау, саралау және рефлексия бөлімдері нақты құрылған
- ☐ Педагогтер оқыту әдістері, тапсырмалар мен ресурстарды сабақ мазмұнына сай қолдана білді, әсіресе саралау тәсілдерінің жүйелі енгізілгені байқалды.
- ☐ Бірқатар бейне-дәрістерде ұсынылған педагогикалық идеялар оқыту сапасын жақсартуға тікелей ықпал ететін мазмұнмен ерекшеленді – теория мен тәжірибе ұштастырылған.

#### Кемшіліктер:

- ☐ Кейбір жұмыстарда тақырып толық ашылмай, жалпы мазмұннан ауытқушылықтар байқалды.
- ☐ Кейбір жұмыстарда тақырып пен идеяны нақты бөліп көрсете алмау байқалды — жалпы баяндаулар артық болды.

Кейбір эсселерде тақырып пен идея толық ашылмай, тек беткі деңгейде сипаттаумен шектелді. Кейбір сабақ жоспарларында бұйрық талаптары толық сақталмаған, бағалау критерийлері немесе саралау әдістері нақты көрсетілмеген.

□ Кей жоспарларда кейбір құрылымдық элементтер толық қамтылмаған: бағалау құралдары көрсетілмеген.

□ Оқыту әдістері мен тапсырмалар бір сарынды, оқушылардың танымдық белсенділігі толық қамтылмаған

□ Кейбір бейнематериалдардың бұрын интернетте жарияланғаны анықталды, бұл антиплагиат талаптарына сай еместігін көрсетті.

Жас мамандардың кәсіби дамуына бағытталған семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізіледі. Атап айтқанда, «Жаңа форматты сабақтың құрылымы» тақырыбында ағылшын тілі мұғалімдерімен тәжірибе алмасу семинары өтті. Бұл іс-шаралар педагогтардың шығармашылық және кәсіби шеберлігін арттыруға ықпал етеді. «Тәлімгергерлік - жас маман қолдауының тиімді жолы» тақырыбындағы жас мамандарға арналған семинар өтті. Мақсаты: дене шынықтыру пәні мұғалімдерімен тәжірибе алмасу, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.

2024-2025 оқу жылында Ақтөбе облысында 5 білім беру округі құрылды. 2024 жылдың 8 қарашасында Дінмұхамед Қонаев атындағы мектеп-гимназиясында «Білім беру округтері – білім сапасын арттырудың негізгі ресурсы» тақырыбында облыстық форум өтті. Форум аясында білім жүйесін дамытудың жол картасы таныстырылып, «Жаңа білім кеңістігі: мүмкіндіктер әлеміне саяхат» экскурсиясы ұйымдастырылды.

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес, білім беру округтерімен бірлесе отырып, «Білім сапасын арттыру: жаңа тәсілдер мен әдістемелер» атты облыстық семинар-практикум өтті.

Мектепте мұғалімдердің кәсіби қызметін бағалау үшін бірқатар нақты шаралар қолға алынған. «Құрмет тақтасы» жүйесі жоғары жетістіктерге қол жеткізген мұғалімдердің еңбегін тану және кеңінен насихаттау мақсатында енгізілді. Сондай-ақ, педагогикалық қызметтің жыл сайынғы мониторингі мұғалімдердің кәсіби өсуін қамтамасыз етудің маңызды құралы ретінде қызмет етеді.

Мектепте 10 әдістемелік бірлестік белсенді жұмыс атқарады. Әрбір бірлестік әдістемелік кеңес барысында өз жоспарын әзірлеп, апталықтардың өткізілу уақыттары мен мақсаттарын айқындайды. Әр оқу жылына арналған әдістемелік кафедралардың отырыстары жоспарлы түрде бекітілген кестеге сай ұйымдастырылады. Әдістемелік кафедра отырыстары мұғалімдердің кәсіби дамуын қамтамасыз етуге, білім беру сапасын арттыруға және тәжірибе алмасуға бағытталған маңызды шара ретінде қарастырылады. Мақсаты: Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру; Педагогтардың өз пәндері бойынша жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеріп, қолдану мүмкіндіктерін кеңейту.

Мектепте 2024–2025 жылдары педагогтардың кәсіби санаттарына сәйкес ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар айлықтары ұйымдастырылды:

- 2024 ж. 25 қараша – 25 желтоқсан: «Педагог-шебер» және «педагог-зерттеуші» мұғалімдерге арналған.
- 2025 ж. 20 қаңтар – 8 ақпан: «Педагог-сарапшы» санатындағы ұстаздарға арналған.
- 2025 ж. 10 ақпан – 3 наурыз: «Педагог-модератор» санатындағы мұғалімдерге арналған.
- 2025 ж. 7 сәуір – 28 сәуір: «Педагог» санатындағы ұстаздарға арналған.

Мектеп ұжымының педагогикалық іс-әрекеті келесідей бақылау жүйелері арқылы бағаланып, қадағаланады:

| № | Бақылау түрлері                  | Мазмұны                            |
|---|----------------------------------|------------------------------------|
| 1 | Мектепшілік бақылау жұмыстары    | Мұғалімдердің үлгерімін талдау     |
| 2 | Пән мұғалімдерінің мониторингі   | Оқушылардың үлгерімін бақылау      |
| 3 | Сынып жетекшілерінің мониторингі | Сыныптардағы білім сапасын бақылау |

Бұл мониторингінің критерийлері педагогикалық және әдістемелік кеңестерде қарастырылып, бекітілген.

2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік кафедралардың апталық өткізу кестесі бекітіліп, кафедра меңгерушілеріне хабарланды.

Негіздеме:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (27.07.2007 ж. №319-ІІІ, өзгерістер мен толықтыруларымен); ҚР Оқу-ағарту министрлігінің әдістемелік-нормативтік құжаттары.

25 жылғы 2 қыркүйекте №451/1 бұйрықпен оқушы дәптерлерін жүргізу және тексеру тәртібі екітілді. Бұйрықта төмендегі талаптар белгіленді. Аталған бұйрықтың қабылдануы оқушылардың жазбаша жұмыстарын сапалы жүргізуге, пәндік білімді жүйелі бақылауға және мұғалімдердің әдістемелік талаптарды орындауын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл шара оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыруға ықпал етеді.

2025 жылғы 2 қыркүйекте №451 бұйрықпен «Қазақ, орыс, ағылшын және неміс тілдерін интеграциялап оқытуда заманауи технологияларды қолдану» тақырыбындағы облыстық тәжірибелік-эксперименттік алаңның жұмысын жалғастыру туралы шешім қабылданды. Аталған эксперименттік алаңның жалғасуы көптілді білім беру тәжірибесін жетілдіруге, заманауи технологияларды тиімді қолдануға және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған. Бұл бастама білім беру сапасын арттыруға және оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуға оң ықпал етеді.

Мектептің өзін-өзі бағалауының қорытындысы

Мектеп ұжымы өз қызметін жүйелі түрде сараптап, күшті және әлсіз жақтарын анықтап, даму бағыттарын нақтылап отыр. Бұл – сапаны арттырудың маңызды қадамы.

Оқу-тәрбие үрдісінің ағымдағы жағдайын жан-жақты сараптаған кезде төмендегідей қорытынды жасалды:

1. Арнайы семинарлар, «Жас мамандар конкурсы», әдістемелік көмек көрсету – жас ұстаздардың кәсіби бейімделуіне, тәжірибе жинақтауына және шығармашылық әлеуетін ашуға жағдай жасайды.

2. Жеке қолдау, қосымша сабақтар мен түзету жұмыстары оқушылардың білім сапасын көтеруге бағытталған. Бұл – мектептің әлеуметтік жауапкершілігін көрсетеді.

3. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, тәжірибе алмасуға және жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруге ықпал етеді.

Жүргізілген жұмыстар мектептің педагогикалық әлеуетін нығайтып, білім сапасын арттыруға, жас мамандарды қолдауға және оқушылардың жеке жетістіктерін дамытуға бағытталғанын көрсетеді.

«Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелері, жас мамандармен жүйелі жұмыс, үлгерімі төмен оқушыларға қолдау көрсету, семинарлар мен әдістемелік шаралар білім беру сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби дамуына және оқушылардың жеке жетістіктерін қамтамасыз етуге оң ықпал етті.

### Қаулысы

1. Мерейтойды өткізу бойынша ұйымдастыру комитеті құрылсын. Оның құрамына мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңес мүшелері, ата-аналар комитеті мен педагогтар енгізілсін

#### 2.1. Педагог кадрлармен қамтамасыз етілуі

Мектептегі педагог кадрлардың жетіспеушілігі бар екендігі назарға алынсын.

Қажет мамандықтар бойынша кадр тапшылығын жою мақсатында қажеттілік жариялансын.

#### 2.2. Білім алушылар контингенті

2025–2026 оқу жылына білім алушылардың контингенті тұрақты деп танылсын.

Аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балаларына әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстары жалғастырылсын.

#### 2.3. Материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілуі

Мектептің материалдық-техникалық базасы жеткілікті деп танылсын.

Қажетті құрал-жабдықтарды толықтыру қажет болған жағдайда ұсыныстар әзірленіп, тиісті органдарға жолдансын.

#### 2.4. Медициналық қызмет көрсетудің болуы

Мектепте медициналық қызмет көрсету қамтамасыз етілгені назарға алынсын.

Оқушылардың денсаулығын сақтау және профилактикалық жұмыстарды күшейту тапсырылсын.

#### 2.5. Тамақтандыру объектісінің болуы

Мектеп асханасының санитарлық талаптарға сәйкестігі тексеріліп, жүйелі түрде бақылау жүргізілсін.

Оқушылардың сапалы әрі қауіпсіз тамақтануы қамтамасыз етілсін.

#### 2.6. Ғылыми-әдістемелік жұмыс

Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру және инновациялық әдістерді енгізу бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.

Әдістемелік бірлестіктердің жұмысы жандандырылсын.

Кеңес төрағасы  
Хатшы



Сарсенов Есенгельди Шарипович  
Давлетова Нурсулу Курмаговна